Нысанның БҚСЖ бойынша коды *Код формы по ОКУД* _____ *КҰЖЖ бойынша ұйым коды* *Код организации по ОКПО* _____	
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі *Министерство здравоохранения Республики Казахстан*	
Мемлекеттікорганныңатауы *Наименование государственного органа* *"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Атырау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Атырау қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі* *Республиканское государственное учреждение "Атырауское городское Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Атырауской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"*	

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение
№ E.01.X.KZ83VWF00099156
Дата: 02.06.2023 ж. (г.)

1.Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)
"Ақ тілек" ЖК меншігіндегі 3 топ 49 балаға арналған «Ақ тілек» бөбекжай-бақшасы

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шiлдедегi Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабы сәйкес санитариялық- эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің толық атауы) (полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

Жүргізілді (Проведена) ***Заявление от 02.06.2023 18:38:41 № KZ28RYS00397082***

өтініш, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күні, нөмірі)
по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата,номер)

2.Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик)(заявитель) ***ИП "Ақ тілек", Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, М.Баймұханов көшесі-18 үй***

Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы (тиесілігі), объектінің мекен жайы/орналасқан орны, телефоны, басшысының тегі, аты, әкесінің аты
(полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сарапта ужүргізілетін объектінің қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)
мектепке дейінгі білім беру ұйымы
сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекенжайы (сфера, вид деятельности, месторасположение, адрес) ***Мектепке дейінгі білім беру***

4. Жобалар, материал дарәзірленді (дайындалды) (Проекты, материалы разработаны (подготовлены) -

5. Ұсынылғанқұжаттар (Представленные документы) ***зертханалық хаттама көшірмелері***

6. Өнімніңүлгілеріұсынылды (Представлены образцы продукции) -

7. Басқа ұйым дардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертноезаключение других организации если имеются) -

Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)

8. Сараптама жүргізілетін объектінің толық санитариялық-гигиеналықсипаттамасы мен оғанберілетінбаға (қызметке,

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции)

«Ақ тілек» ЖК меншігіндегі Атырау қаласы, М.Баймұханов көшесі-18 үй мекен-жайында орналасқан 3 топ 49 балаға арналған «Ақ тілек» бөбекжай-бақшасына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру үшін 24.05.2023 жылғы KZ23RYS00392322 санды өтініш бойынша тексеріс жүргізілді. ««Ақ тілек» ЖК ретінде 04.05.2023 жылы тіркелген. 01.06.2023 жылғы №1 бұйрық бойынша Абуова Ақберен Олжагалиевна тағайындалған. Телефон нөмірі: 87025034252. ЖК-дің ЖСН: 731202402342. Ғимараттың меншік иесі: ЖК «Садыков» (ЖСН: 990924300018), «Ақ тілек» ЖК -мен 01.06.2023 жылы жалға алу туралы келісім-шарты жасақталған.

Қызмет саласы: мектепке дейінгі білім беру ұйымы. Техникалық құжаттамасына сәйкес бөбекжай-бақша 3 топ 49 балаға арналған. Ғимараттың салынған жылы - 2018 жыл.

«Ақ тілек» бөбекжай-бақшасы 2 қабатты бейімделген дербес ғимаратта орналасқан. Аумағы бұзылмаған қоршаумен қоршалған. Объектінің аумағында сыртқы жасанды жарықтандыру орнатылған, жұмыс қалпында. Аумағында және үй-жайларында олармен функционалдық жағынан байланысы жоқ объектілер орналастырылмаған. Объектінің учаскесіне кіру жолдары, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинағыштарға арналған алаңдар тазалауға қолжетімді қатты жабынмен жабылған. Аумағы таза ұсталған, жинау жұмыстары жүргізілген.

Тығыз жабылатын қақпақтармен жабдықталған қоқыс жинағыштар шаруашылық аймақта, үш жағынан қоршалған, тазалауға және дезинфекциялауға жеңіл су өткізбейтін жабыны бар алаңға орнатылған. Қоқыс жинағыштар (контейнерлер) таза. Тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару үшін «Спецавтобаза» ЖШС мекемесімен 18.05.2023 жылы №04-008/23 шарты жасақталған.

Аумағында 3 топқа арналған ойын алаңдары қарастырылған. Алаңда күн мен жауын-шашыннан қорғау үшін үш жағынан қоршалған 3 көлеңке қалқалар көзделген. Көлеңке қалқалардың едені ағаштан көзделген. Ойын алаңдарындағы жабдықтар балалардың бойы мен жасына сәйкес келетіндей етіп қамтылған, үшкір шығыңқы жерлері мен ақауы жоқ. Жабдық бетінің жабыны суға төзімді материалдан көзделген.

Барлық үй жайлардың төбелері мен қабырғалары тегіс, саңылаусыз, жарықшағы жоқ, бүлінбеген, грибоктармен зақымдану белгілері жоқ. Үй-жайлардың едендеріне дезинфекциялау және жуу құралдарын қолдана отырып ылғалды тәсілмен жинауға жол беретіндей ламинат төселген. Қалыпты режимде жұмыс істейтін үй-жайлардағы қабырғалардың, жабдықтың беті ылғалды тәсілмен жинауға жол беретіндей тегіс, күңгірт. Ылғалды режимде жұмыс істейтін үй-жайлардың (медициналық мақсаттағы, ас блогы, санитариялық тораптар) қабырғаларын дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды тәсілмен жинауға жол беретіндей материалдармен қапталын, кафельденген, сырланған.

Топта бір балаға аудан нормасы бойынша жалпы ғимараттың үй-жайларының жиыны:

Бірінші қабатта кіреберіс, балалардың киініп-шешіну бөлмесі, балаларға арналған санитариялық торап, медициналық кабинет және топтық үй-жайлар қарастырылған.

№1-ші топ 19 балаға арналған жалпы ауданы 38,7шм ойын бөлмесі және 34,7шм жатын бөлмесі қарастырылған.

№2-ші топ 11 балаға арналған ауданы 24,2 шм ойын бөлмесі қарастырылған. Осы топтың жатын бөлмесі екінші қабатта орналасқан, ауданы 20,7шм құрайды.

Екінші қабатта балаларға арналған ауданы 8,9шм санитариялық торап және топтық үй-жайлар қарастырылған.

№3-ші топ 19 балаға арналған ауданы 42,1шм ойын бөлмесі және 35,3шм жатын бөлмесі қарастырылған.

Жылыту жүйесінің радиаторлары терезе астындағы қуыстарда орналастырылған және тосқауыл құрылғыларымен (торлармен) жабылған.

Жиһаздар мен жабдықтардың жиыны, саны және өлшемі бөбекжай-бақша бейінін, үй-жайлардың ерекшелігін, балалардың бойы мен жас ерекшеліктерін есепке ала отырып көзделген, жұмыс жағдайында, топтық үй-жайлар жұмсақ және қатты мүкәммалдармен түгел қамтылған. Топтық бөлмелер балаларға арналған үстелдермен, арқалығы бар орындықтармен жабдықталған. Балалар үшін топтарда жеке жылжымалы керуеттермен жабдықталған, балалардың бойы мен жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Ортақ киім шешінетін бөлме киімге және аяқ киімге арналған жеке шкафтармен, орындықтармен жабдықталған. Балалардың киіміне арналған шкафтар жеке таңбаланған және бас киімге арналған сөрелермен және сыртқы киімге арналған ілмектермен жабдықталған.

Бөбекжай-бақшаның топтық үй-жайларында, сондай-ақ медициналық пункт үй-жайларында ауа температурасын бақылау үшін ішкі қабырғаға 0,8-1,2м биіктікте бекітілген термометрлер орнатылған.

Пайдаланылған ойыншықтарды күн сайын жуу құралдарын қолдана отырып, күннің соңында жуу жоспарланған. Ойыншықтарды жууға және өңдеуге арналған таңбаланған сыйымдылықтар, қажетті құралдар, шүберек пен жөке және бактерицидті сәулелегіш қарастырылған.

Бөбекжай-бақшада балалар үшін сатып алынған өнімдерге (ойыншықтар, ыдыс, жеке гигиена құралдары, мектеп және жазу құралдары, төсек-орын жабдықтары, жиһаз) олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттардың міндетті түрде болу қажеттігі туралы ұсыныс берілді.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

Объектіде балаларға медициналық қызмет көрсету үшін 1 медбике Демешова Аққенже Хайровна жұмыс жасайды. 29.06.2020 жылы Атырау жоғары «Болашақ» көпсалалы колледжінен «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша ТКБ №1533837 санды дипломы бар.
Медициналық кабинет ғимараттың бірінші қабатында орналасқан, ауданы 8,9шм құрайды.
Медициналық кабинетте қол жуу раковинасы орнатылған, салқын су және ыстық су жүргізілген. Қабырғасы жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды тәсілмен жинауға жол беретіндей сырланған.
Медициналық кабинет "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығына сәйкес жабдықталған.
Медициналық шкаф, медициналық үстел, кушетка, кеңсе үстелі, орындықтар, кеңсе шкафы, керме, тоңазытқыш, вакциналарды тасымалдауға арналған термоконтейнер, тонометр, фонендоскоп, бактерицидті шам, медициналық таразы, бой өлшегіш, үстелге қоятын шам, медициналық термометрлер, қайшы, педальды қақпағы бар шелек, вакциналардың қалдықтарын жоюға арналған ыдыс, медициналық халаттар, қалпақтар, бір рет қолданылатын жаймалар, орамалдар, жинауға арналған қоңыр халаттар, бір рет қолданылатын бетперделер, бахиллалар, кеңсе тауарлары, үлкен және кішкентай бикс, кеңсе тауарлары (журналдар, дәптерлер, желім, қаламсап, қағазтескі, степлер, корректор, папкалар және т.б.)2,0; 5,0; 10,0 инелері бар бір рет қолданылатын шприцтер, пинцет, резеңке бұрау, резеңке жылытқы, мұзға арналған ыдыс, дозаторы бар сұйық сабын, науалар, металл қалақша, иммобилизациялауға арналған шиналар, резеңке кілемше, сантиметрлік лента, көздің көргіштігін анықтауға арналған кесте қарастырылған. Медициналық кабинетте қол жууға арналған раковина орнатылған, ыстық және суық су жүргізілген, жұмыс қалпында. Жинау мүкәммалы: шелек, швабра, шүберек, шүберек сақтайтын ыдыс, қолғаптар арнайы бөлінген және таңбаланған. Медициналық құжаттама "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығының 12-қосымшасына сәйкес жасақталған.
Ыстық және суық су барлық санитариялық тораптағы гигиеналық табандықтарға, қол раковиналарына қосылған, медициналық мақсаттағы үй-жайлардағы қолжуғыштарға, сондай-ақ, ас блогындағы араластырғыш қондырғысы бар қажетті технологиялық жабдықтарға тартылған, жұмыс қалпында. Балаларға арналған санитариялық тораптарда қол жууға арналған құралдары бар (сұйық сабын), қол жуу раковиналары, қол жууға арналған құралдары бар иілмелі шлангісі бар гигиеналық табандық, сүлгілер, ағызу жүйесі орнатылған. Санитариялық торапта балалар санына жеткілікті болатындай 10 балаға 1 унитаз және 1 раковина есебінде орнатылған және себезгі қарастырылған. Таза түбектер дәретханаларда, жеке таңбаланған ұяшықтарда сақталған. Түбектерді сулауға арналған сыйымдылықтар таңбаланған.
Салқын су құбыры орталықтандырылған суға қосылған, ыстық су ысытқыш арқылы қамтамасыз етілген, жұмыс қалпында.
Жылу жүйесі автономды табиғи газ арқылы қамтылған. Желдету жүйесі механикалық түрде және табиғи түрде терезе арқылы ұйымдастырылған, ауа бантағыш орнатылған. Желдету үшін ашылатын терезелерде москит торлары және қорғаныш құлыптары орнатылған. Кәріздеу жүйесі жергілікті септик арқылы қамтылған. Ас блогында механикалық түрде іске қосылатын желдету көзделген. Жылу және ылғал бөлу көзі болып табылатын жабдтардың үстінде сыртқа тарту шатырлары көзделген.
Ауыз су режимі қайнатылған су беру арқылы ұйымдастырылған. Су ішу үшін әр балаға жеке ыдыс қарастырылған, таңбаланған таза және пайдаланылған ыдыс үшін жеке подностар қарастырылған. Қайнатылған суға арналған шәйнектер әрбір топтық үй-жайларда қойылған, әрбір үш сағат сайын ауыстырылып отырады.
Үй-жайларды жарықтандыру табиғи және жасанды түрде жүзеге асырылады. Объектінің балалар болатын жатын бөлмелері мен ойын бөлмелерінде, медициналық үй-жайында табиғи жарықтандыру көзделген. Терезелердің конструкциясы балалардың болуына арналған үй-жайларды жылдың кез келген уақытында желдетуді ұйымдастыруға мүмкіндік беретіндей жасалған. Топтық және оқу үй-жайларында терезе әйнектерін бояуға жол берілмеген. Жарық ойықтары реттелетін күннен қорғайтын құрылғылармен жабдықталған.
Дезинфекциялау, жуу құралдарының, жеке гигиена құралдарының қоры жеткілікті. Жинау жүргізу үшін нормалау құжаттарына сәйкес қолдануға рұқсат етілген, дезинфекциялау құралдары пайдаланылады. Дезинфекциялау ерітінділерін өндірушінің нұсқаулығына сәйкес ертіндіні дайындау күні көрсетіле отырып, таңбаланған сыйымдылықтарда дайындалады. Дезинфекциялау және жуу құралдары, жұмысшы ерітінділері балалардың қолы жетпейтін орындарда сақталады.
Төсек-орынды жуу үшін «Өнерпаз» ЖШС-мен 25.05.2023 жылы №08/54-23 санды келісім шарт жасақталған.
Бөбекжай-бақшада бір жатын орынға үш төсек-орын жиынтығы көзделген. Төсек-орын жабдықтары,

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

орамалдар, әр балаға жеке бөлінген.
Ас блогы объект аумағындағы бөлек тұрған бір қабатты ғимаратта орналасқан. санитариялық қағидаларының талаптарына сай жабдықталған. Ас блогы жиыны: азық-түлік қоймасы, шикі өнімдерді және дайын тағамдарды өңдеуге арналған өндірістік үй-жай, қызметкерлерге арналған санитариялық торап пен жуыну бөлмесі. Қабырғасы ылғалды тәсілмен жинауға жол беретіндей материалдармен қапталып, кафельденген, сырланған.
Ас блогында технологиялық процестердің бірізділігі көзделген, шикі және дайын ыдыстардың қарама-қарсы ағынына жол берілмеген.
Азық-түлік шикізаты мен дайын тамақ өнімдерін бөлшектеу үшін өңделетін тамақ өнімдеріне сәйкес әріпті таңбаланған. Жарықтары, сынықтары, жиектері сынған, пішіні бұзылған, эмалі зақымдалған ыдыстарды пайдалануға жол берілмеген. Жұмыртқаны өңдеуге және сақтауға арналған жеке таңбаланған ыдыс-аяқ қарастырылған.
Ыдыс-аяқты жуу үшін өндірістік үй-жайда ыдыс жуу орны қарастырылған. Ас блогы ыдыстарын жуу үшін ыдыстардың толық батырылатын жеткілікті көлемдегі екі жуғыш орнатылған, жуылған ыдыс-аяқтарды кептіру үшін тор көзді сөрелер, стеллаждар қарастырылған. Ыдыс-аяқтар жуылғаннан кейін тұтқасы жоғары қаратып сақталады. Ыдыс жууға арналған мүкәммал (щеткалар, шүберек) жұмыс аяқталғаннан кейін тазартылып, ағынды судың астында жуылып, кептірілу көзделген. Салқын су, ыстық су кәріз құбырына қосылған, жұмыс қалпында. Ас блогына тағамды қабылдаған кезде тамақ өнімінің сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттарымен қабылдау ұсынылды.
Шикі өнімдерді және дайын тағамдарды өңдеу үшін ортақ өндірістік үй-жай қарастырылған. Шикі өнімдерді және дайын тағамдарды өңдеу аймақтарына бөлінген, технологиялық процестердің бірізділігі көзделген. Өндірістік үй-жайда өндірістік үстелдер, сөрелер тамақ дайындайтын газ плитасы, духовка, стеллаждар, шкаф, тоңазытқыш қарастырылған. Тоңазытқыш ішіндегі сөрелері таңбаланған, температурасын өлшейтін термометр орнатылған.
Азық-түлік қоймасы үшін жеке үй-жай қарастырылған, қалыпты ауа ылғалдылығы температурасын өлшеуге арналған бақылау-өлшеуіш аспап орнатылған. Тамақ өнімдерін сақтау үшін сөрелері бар стеллаждар мен тұғырықтар қарастырылған. Тамақ өнімдерін сақтау кезінде тауар көршілестігін сақтау ұсынылды.
Ас блогына жауапты қызметкер күн сайын мәзір бойынша берілетін тағамдардың тәулік сынамаларын сақтау үшін стерилденген таза банка қарастырылған.
Ас блогы қызметкерлері мен техникалық персоналдарда жеке бас гигиенасы сақталады. Ас блогы қызметкерлерінде іріңді аурулардың, шағын жарақаттардың болуына жол берілмейді, ол үшін «Ас блогы қызметкерлерінің денсаулық жағдайын тіркеу журналыҒ жасақталған. Аспазшы Курманалиева Светлана Килимовна «СПТУ №5»-тен «III разряд аспазы» мамандығы бойынша 04.11.2014 жылы №0132096 санды анықтамасы бар.
Қызметкерлерің киімдерін шешіну орны, шкаф бар. Қызметкерлерге арналған санитариялық торап қарастырылған. Персоналға арналған дәретханаларда унитаздар, қолды жууға және кептіруге арналған құралдары бар жуынатын раковиналар, қоқыс жинауға арналған урналар орнатылған.
Микробиологиялық зертханаға құбыр суы алынып зерттелгені жөнінде 17.05.2023 жылғы №341-344 РО-23-11773-774 санды хаттама тексеріске ұсынылды, сәйкессіздік анықталған жоқ. Химиялық зертханаға құбыр суы алынып зерттелгені жөнінде 16.05.2023 жылғы №1092 (шығыс) және 18.05.2023 жылғы №1093 (кіріс) санды хаттамалар тексеріске ұсынылды, сәйкессіздік анықталған жоқ. Бөлмелерінің оңтайлы микроклиматтық жағдайларына (температура, ауа қозғалысының жылдамдығы және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы) зертханалық өлшем жүргізілген, 17.05.2023 жылғы №335 санды хаттама, сәйкессіздік анықталған жоқ. Жасанды жарықтандыру көрсеткіштеріне зертханалық өлшем жүргізілген, 17.05.2023 жылғы №335 санды хаттама, сәйкессіздік анықталған жоқ.

-

-

9.Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің, қайта жаңартылатын объектінің сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жер асты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғауау мағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған ортамен халық денсаулығын атигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, видгрунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света;) -

10.Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

(Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)
Микробиологиялық зертханаға құбыр суы алынып зерттелгені жөнінде 17.05.2023 жылғы №341-344 РО-23-11773-774 санды хаттама тексеріске ұсынылды, сәйкессіздік анықталған жоқ. Химиялық зертханаға құбыр суы алынып зерттелгені жөнінде 16.05.2023 жылғы №1092 (шығыс) және 18.05.2023 жылғы №1093 (кіріс) санды хаттамалар тексеріске ұсынылды, сәйкессіздік анықталған жоқ. Бөлмелерінің оңтайлы микроклиматтық жағдайларына (температура, ауа қозғалысының жылдамдығы және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы) зертханалық өлшем жүргізілген, 17.05.2023 жылғы №335 санды хаттама, сәйкессіздік анықталған жоқ. Жасанды жарықтандыру көрсеткіштеріне зертханалық өлшем жүргізілген, 17.05.2023 жылғы №335 санды хаттама, сәйкессіздік анықталған жоқ.

11. ИСК-мен жұмыс істеуге рұқсатетіледі (разрешаются работы с ИИИ)

ИСК түрі және сипаттамасы (вид и характеристика ИИИ)	Жұмыстар түрі және сипаттамасы (Вид и характер работ)	Жұмыстар жүргізу орны (Место проведения работ)	Шектеу жағдайлары (Ограничительные условия)
1	2	3	4
I. Ашық ИСК-мен жұмыстар (работы с открытыми ИИИ)	-	-	-
II. Жабық ИСК-мен жұмыстар (Работы с закрытыми ИИИ)	-	-	-
III. Сәуле өндіретін құрылғылармен жұмыстар (Работы с устройствами, генерирующими излучение)	-	-	-
IV. ИСК-мен басқа жұмыстар (другие работы с ИИИ)	-	-	-

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение

"Ақ тілек" ЖК меншігіндегі 3 топ 49 балаға арналған «Ақ тілек» бөбекжай-бақшасы

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілген объектінің толық атауы)
(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)
«Ақ тілек» ЖК меншігіндегі Атырау қаласы, М.Баймұханов көшесі-18 үй мекен-жайында орналасқан 3 топ 49 балаға арналған «Ақ тілек» бөбекжай-бақшасы "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы, " Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығы, "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2023 жылғы 4 сәуірдегі № 58 бұйрығы, "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы № 26 бұйрығы, "Желдету мен ауаны баптау жүйелерін дезинфекциялауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № ҚР ДСМ - 95 бұйрығы, «Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы №ҚР ДСМ-15 бұйрығы талабына сәйкес келеді.

Санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай

сай (соответствует)

Ұсыныстар (Предложения):

-

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстің негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының міндетті күші бар.

На основании Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Атырау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Атырау қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі

Атырау Қ.Э., көшесі Гурьев, № 7А үй

Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер, қолы (орынбасар)

Республиканское государственное учреждение "Атырауское городское Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Атырауской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"


Атырау Г.А., улица Гурьев, дом № 7А

(Главный государственный санитарный врач (заместитель))

Гайнеденов Канат Бахбергенович

тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.



Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.